

Шымкент қалалық білім басқармасы
«Жас Дарын-2» бастауыш мектебі

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында
атқарылған тәрбие жұмысының есебі

2024-2025 оқу жылы

«Жас Дарын-2» бастауыш мектебі

2024-2025 оқу жылында Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша өткізілген

іс-шаралар есебі

«МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ » атты салтанатты жиынмен мерекелік іс-шара басталып, мектеп директоры сөз алып, көптен күткен мереке -БІЛІМ КҮНІМЕН құттықтап, іс-шараны ашып берді. Іс-шара қонақтары мектебіміздің ата-аналар комитетінің төрайымы Медеува андуғаш , Шымкент қаласы Қаратау ауданының полиция майоры Танатаров Бадад Маратович мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге жүрек жарды ыстық лебізін білдірді.

Сонымен қатар, іс-шарада әннен інжу-маржан шашылып, мың бұралған биші қыздарымыз қонақтар мен жиынға қатысушыларды өнерлерімен тәнті етті.

🇰🇿" МЕНІҢ ОТАНЫМ– ҚАЗАҚСТАН"

2 қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 1-4-сыныптарында "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сабақтары ҚР Мемлекеттік Гимнімен, апта дәйексөздерімен басталды.

♦ Мақсаты:

♦ Білімділік: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту;

♦ Дамытушылық: Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

♦ Тәрбиелік: Ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

Білімге деген құндылықты қалыптастыруға, өз Отаны үшін қажет және пайдалы болуға деген ұмтылысты арттыруға бағытталған сабақтарда оқушылар Отан, Туған жер туралы өлеңдерін оқып, видеороликтер тамашалады. Сынып сағаты қауіпсіздік сабағымен аяқталды.



ОТБАСЫ КҮНІ

05.09.2024ж күні оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ата-аналарға, үлкендерге құрмет көрсету мақсатында «Отбасым – бақытты мекенім» тақырыбында сынып сағаттарын өткізілді.

Отбасы күні!

“Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында “Отбасы күні” мерекесіне орай челлендж бейнеролик ұйымдастырылды

Мақсаты: отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

"Біртұтас тәрбие " бағдарламасы аясында "Тіл мәртебесі-ел мәртебесі" атты іс-шара ұйымдастырылды.

"5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күні" бұл күні Алаш қозғалысының қайраткері, ғалым, түркітанушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Барша Қазақстандықтарда әліпбидің негізін салған ғалымның туған күні тілдер мерекесі аталып өтілді.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тілі үшін күрескен, Ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен байланысты.

Іс-шарада ұстаздарымызға мақал-мәтелдердің жалғасын табу сұрақтары қойылып, оқушылар мәнерлеп өлеңдер оқып, ән айтып би билеп өнерлерін көрсетті.

Сіздерді Қазақстан халқы тілдері күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

"Біртұтас тәрбие " бағдарламасының "Балалар кітапханасы " жобасы аясында 16.09.2024 күні «Үш тілде оқимыз», «Читаем на трех языках», «We read in three languages» тақырыбында мектеп оқушыларының қатысуымен іс-шара ұйымдастырылып өтілді. Сонымен қатар, мектеп кітапханасында, үш тілде жазылған ақын жазушылардың кітап көрмесі ұйымдастырылып, көркем шығармалардан үзінділер оқылды. Өткізілген іс-шараға мектеп оқушылары белсене қатысып, ана тіліне және орыс, ағылшын тілдеріне құрметтерін көрсетті. “Тіл – ұлттың жаны», “Тіл – достықтың көпірі» демекші, оқушылар әдеби шығармаларды үш тілде өте сауатты оқыды. Үш тілде кітаптар оқу арқылы көптеген мағлұматтар алды.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында 2-4 сынып білім алушылары "Реттеуші және оның белгілері" ЖҚЕ тақырыбында қауіпсіздік сағатын және "Желі арқылы танысу қаупі" тақырыбында сынып сағатын өткізді.



«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ» жобасы аясында

2024 жылдың 1 қазан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары, ата-ананың рөлі, ықпалы
2. Телефон, гаджет құрылғыларын орынсыз пайдалану.
3. Құқықбұзушылықтың алдын алу. Жол ережелері.
4. Бала психологиясы.
5. Әр түрлі мәселелер.

Ата-аналар жиналысында балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығы, әлеуметтік желілердегі бала қауіпсіздігі ата-аналармен бірге талқыланды. Интернет алаяқтарының алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ" жобасы аясында

«Қамқор» жобасы аясында «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет

«Қамқор» жобасы — қоғамға қызмет ету және әлеуметтік көмек көрсету бағытындағы волонтерлық бастама.

2019 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан жоба 1800 волонтердың қатысуымен 250 мың отбасы арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізді.

Оның мақсаты волонтерлық қызметтің маңызын түсіндіру, азаматтық жауапкершілікті арттыру, және оқушыларды жеке жобаларын жоспарлауға ынталандыру.

Сабақта әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері мен интернетте жеке ақпаратты қорғау мәселелері қарастырылады.

Жоба "Қамқор әлеуметтік қызметтер орталығы" қоғамдық бірлестігімен жүзеге асырылады.

«КҮЗГІ АСАР» ЖӘРМЕҢКЕСІ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша «Күзгі асар» тақырыбында оқушылар арасында 2024 жылдың 18 қазан күні күздік жәрмеңке өтті. «Күзгі асар» жәрмеңкесіне мектебіміздің 1-4-сынып оқушылары қатысты. Күз молшылықтың, байлықтың, берекенің кезі. Ұйымдастырылған жәрмеңкеге ата-аналар дайындаған тағамдар мен көкөністердің түрлілігі таң қалдырды. Жәрмеңке сөресінен: қолдан жасалған кондитерлік өнімдер, үй маңында өсірілген көкөністер, жеміс-жидектер т.б орын алды. Жәрмеңкеге ат салысқан оқушылар және ата-аналар алғысқа бөленді. Игі істер жасауға талпынайық, мейірімділікті сөзбен және іспен көрсете білейік, достар!

 **25 - ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ!** 

25 қазан - Республика күні қарсаңында "Республикам-мақтанышым!", "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында 3-сыныптары ашық тәрбие сағаттары өткізді.

 **Мақсаты:**

Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру.

Оқушылардың бойына туған еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін оятып,



отанш

Туымыз тұғырлы, еліміздің еңсесі биік болсын!

Ата - аналар жиналысы өтті.

“2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы” әдістемелік нұсқау хатында ата - аналар қауымдастығымен өзара іс- қимылын нығайту, балаларды тәрбиелеу мен дамыту

жөніндегі ата- аналарға педагогик қолдау, “Біртұтас тәрбие бағдарламасы”, “Ата - аналарды білім беру ұйымдарында педагогик қолдау көрсету” жобасы аясында 2024 жылдың 31 қазан күні 1"А" сынып жетекшісі ұйымдастыруымен "Баланың басты ұстазы- ата-ана" тақырыбында ата - аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың негізгі мақсаты оқушылардың білімі мен тәрбиесі, алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеу үшін мұғалімдер тарапынан ұсыныстар айтылды.

БУЛЛИНГТЕН ҚОРҒАН!

2024 жылдың 18 қарашасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Буллингтен қорған!» тақырыбында 1-4 -сынып оқушыларымен бірыңғай тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: “Буллинг” сөзінің мағынасын ашу, таныту, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, достық атмосферасын құру.

Ата-аналар жиналысы

"Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жоспарына сәйкес "Дұрыс тамақтану әдет- ғұрпын құру" тақырыбында 1-сынып жетекшісі ата-аналармен жиналыс өткізді.

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігін түсіндіру және мұғаліммен бірігіп жұмыс жасауға шақыру.

Жиналыс барысында "Анама хат" әдісімен жұмыс жасалды ,сонымен қатар ситуациялық сұрақтар берілді, "Додокэдр" әдісін пайдаланып ата-аналарға сұрақ қою арқылы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас анықталды.

"Мектеп және театр” жобасы аясында 20.11.2024ж.күні 4-сыныптың жас өнерпаздары “Шалқан” ертегісін сахналады.

Мектеп және театр жобасын ұйымдастырудың басты мақсаты - бұл балалардың өздерін ертегі кейіпкерлері ретінде сезіну, түрлі рольдерді бағындыра білудің ғажайып әлемі екенін ұғындыру. Балалар өз рөлдерін тамаша сомдап, көрермендерді өз өнерлерімен тәнті етті. Сондай ақ мың бұралған биші аруларымыз бен әнші балапандарымыз қойылым соңында өз өнерлерін ортаға салып, көрермендердің қошеметіне бөленді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында оқушылардың судың маңызды табиғи ресурс екендігі жөніндегі білімін жүйелендіру, су үнемдеу мәдениетін тәрбиелеу мақсатында «Су - тіршілік көзі», «Судың маңызы және оны қорғау», «Біздің үйдегі су» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

🎉🌲🌲🌲“ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!!!”🎉🌲🌲🌲

Тамаша, тамаша,

Шыршамыз тұр

жараса. Басында әсем

жұлдызы Көз

тоймайды қараса!

"Қош келдің, Жаңа жыл!" атты бастауыш сынып оқушыларына мерекелік кеш өткізілді.

Жаңа жылдық мерекелік іс-шара барысында мектеп директоры ата-аналар мен ұстаздарды, оқушыларды кіріп келе жатқан Жаңа Жыл мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Сонымен қатар мерекелік кеште мектебіміздің демеушілері оқушыларға тәттілер таратты. Аяз ата, Ақшақар және оның достары оқушылардың өнерлерін тамашалап, оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлады.Мереке соңы ән мен биге ұласты.



"ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН" жобасы

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Еңбегі адал жас өрен" жобасын іске асыру мақсатында "Мамандықтар әлемі" тақырыбындар сурет байқауы ұйымдастырылды.

АҚПАН- ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

2-АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ: ШЫҒАРМАШЫЛ БАЛА-ОЙЛЫ БАЛА.

«Шабыт» жобасы аясында 2-4 сыныптардағы бірыңғай сынып сағаттарының тақырыптары «Әрбір бала бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет»

Қауіпсіздік сабағы (10 минут)

2-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері».

3-сыныптар: «Шұғыл қызмет нөмірлері»

4-сыныптар: «Шұғыл қызмет нөмірлері»

✿ АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ✿

✿ "Назар аударуды дамыту" тақырыбында, 2"А"-сынып ата аналарына ата -аналар жиналысы мен тренинг сабақ болып өтті.

✿ Мақсаты: Ата ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту, ата-аналарды балаларға жауапкершілік пен қарауға шақыру. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата ананың жауапкершілігі. Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата- ананың бірігіп жұмыс жасауы.

АТА - АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ✿

“Ата - аналарды педагогикалық қолдау” орталығының жоспарына сәйкес 2 - сынып оқушыларының ата-аналарына арналған Эмоционалды әл - ауқат «Логикалық ойлауын дамыту» тақырыбында кезекті сабақ өткізілді.

✿ Мақсаты: баланың логикалық ойлауы мен өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру.

ҚЫСТА-КІТАП ОҚИМЫЗ, ЖАДЫМЫЗДА ТОҚИМЫЗ

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен оқушылардың қысқы уақытта отбасымен тиімді өткізуі, дүниетанымын кеңейту,

кітапқа деген құрмет, сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында "Қыста кітап оқимыз, жадымызда тоқимыз" тақырыбында оқырмандармен үй жағдайында отбасымен бірге кітап оқуды ұйымдастырды. Оқушылар өздері оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен бөлісе отырып, басқаларды да кітап оқуға шақырды.

"ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ" жобасы аясында

"Әкелер мектебінің" жоспары бойынша 22 қаңтар күні "Мектеп өміріндегі әкенің бір күні" атты әкелермен ашық есік күнін өткізілді.

Мақсаты: Әкелердің балалардың тәрбие процесіне қатысуын, тәрбие мен дамуына үлес қосуын насихаттау. Әкелер мен балалар арасындағы психологиялық байланыс пен сенімділікті арттыру. Балалардың тәрбиесіне әкелерді тартуға, оларды бала тәрбиесіндегі маңызды рөлді түсінуге көмектеседі.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

ҚАҢТАР АЙЫ- ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында 2 "Ә" сынып жетекшісі

"Менің ертеңім ", " Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау" тақырыбында тәрбие сағатын өтті.

🌸 **НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ: ҰЛЫ ДӘСТҮРДІҢ ЖАҢҒЫРУЫ**

Наурыз – қыстан аман шыққан елдің қуанышы, табиғат пен тіршіліктің қайта түлеуі. Бұл мейрам – тек көктемнің келуі емес, ата-бабамыздан қалған салт-дәстүрдің жаңғыруы, ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі. Осы ұлы мерекенің мәнін тереңнен ұғынып, оның шынайы болмысын сезіну үшін Наурызнама онкүндігі жарияланды.

Әр күні – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, елдің бірлігін нығайтатын ерекше сәт. Көнеден жеткен игі дәстүрлерімізді жаңғыртып, Ұлыстың ұлы күнін бірге тойлайық!



🌸 **АМАЛ КЕЛДІ, ЖЫЛ КЕЛДІ**

Көрісу күні

🌸 14 наурызда Қазақстанда – Көрісу күні, осы күннен бастап халқымыз қыстан аман шыққанына қуанып, құттықтасып, мерекелетеді. Сыныптың оқушылары үлкенге сәлем беріп, батасын алды.

🌸 Амал мерекесіне орай тәрбие сағаттары өткізілді.

16 наурыз-Шаңырақ күні 🏠

Шаңырақ – отбасы белгісі, сондықтан да қазақ халқы жас жұбайлардың отау құрып, шаңырақ көтеруіне ерекше мән берген. Ата-бабаларымызда «Шаңырақ көтеру» атты ерекше дәстүр-салт болған. Жалпы, Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясындағы «Шаңырақ» күні жалпыұлттық отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналады деуге негіз бар.

Әрбір шаңырақта қазыналы қарттарынан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алып бойына сіңіріп өскен жас жеткіншек-ұрпақтар — қазақи құндылықты біліп, ақ пен қараны айырып, адамгершілік, рухани азық жинап өседі.

🌿 “Тәрбие - тал бесіктен”-деген ата-бабамыз!

“Жұмыла көтерген жүк жеңіл” демекші. Әрбір жанұя әрбір игі істе жұмылған жұдырықтай бірге болса, алмайтын қамал, бағындырмайтын белес болмайды! 🍀

“ШАҢЫРАҚ күні” құтты болсын! 🍀

19 НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ КҮНІ! 🌸



🌍 Табиғат қайта түлеп, Жер-Ана жасыл жамылғысын жауып, тіршілік атаулыға жаңа өмір сыйлағанда, біз де жан-дүниемізді жаңартып, жақсылыққа бет бұратын уақыт келді!



🌱 Жаңару күні – өткеннің өкінішін ұмытып, жаңа белестерге ұмтылу, жанымызды мейірім мен ізгілікке толтыру, жақсы ниетпен болашаққа қадам басу күні! Бұл күн – жаңа өмірдің, таза ойдың, жарқын болашақтың бастауы! ✨🌻

💚 Көктеммен бірге көңілдеріңізге шуақ ұялап, жүректеріңіз ізгілікке толсын! Әр күніңіз жақсылықпен өрнектеліп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашсын! 🌿🌻

🏡 Отбасыңызға шаттық, үйіңізге ырыс, өміріңізге бақыт! Шаңырағыңыз биік, керегеңіз кең, дастарханыңыз молшылыққа толы болсын! 📺💖

🌳 Бүгін отырғызған әрбір ағаш – ертеңгі ұрпаққа жасалған сыйлық! Табиғат-ананы аялау, айналамызды көгалдандыру, бір тал егу – болашаққа деген үлкен аманат! 🌍🌿

🌟😊 Көктемнің әрбір таңы қуаныш, әрбір сәті бақыт сыйласын! Көңіліңіз көтеріңкі, жүрегіңіз тыныш, болашағыңыз жарқын болсын! 💖🌻

🌸 **ЖАҢАРУ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

20 Наурыз – Ұлттық спорт күні

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында 20 наурыз – Ұлттық спорт күні ретінде ерекше атап өтіледі. Бұл күн ата-бабамыздан мирас болған ұлттық ойындар мен спорт түрлерін дәріптеп, халыққа кеңінен насихаттауға арналған. Ұлттық спорт – ұлт рухының айнасы. Қазақ халқының дәстүрлі спорт түрлері тек дене шынықтыру құралы ғана емес, сонымен қатар, батылдық пен шеберлікті, жылдамдық пен ептілікті шыңдайтын ұлттық мұра. Бүгінде елімізде көкпар, бәйге, асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі, жамбы ату, аударыспақ сияқты спорт түрлері кеңінен дамып, халықаралық деңгейде танылуда. Бұл күннің маңызы қандай? Ұлттық рухты көтеру – Қазақтың төл спорттарын дәріптеу арқылы ұлттық бірегейлігімізді нығайту.

Салауатты өмір салтын насихаттау – Ұлттық спорт жастарды белсенді өмір салтына баулиды. Қазақ спортының беделін арттыру – Халықаралық жарыстарда ұлттық спорт түрлерін кеңінен таныстыру. Ұлттық спортты қолдау – ел болашағына салынған инвестиция!

20 наурызда еліміздің түкпір-түкпірінде ұлттық спорт жарыстары, көрмелер, шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, халық арасында үлкен қызығушылық тудырады. Бұл – ата-бабамыздан жеткен асыл мұраны сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат ету жолындағы маңызды қадам.

Ұлттық спортты ұлықтайық, дәстүрімізді дәріптейік!



🌸 **АРМЫСЫҢ, ӨЗ-НАУРЫЗ** 🌸

Мектебімізде 1-4 сынып оқушылары арасында “Қош келдің, Өз- Наурыз” тақырыбында мерекелік іс шара болып өтті.





КІТАППЕН ӨТКЕН КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС – ПАЙДАЛЫ ӘРІ ҚЫЗЫҚТЫ

Көктемгі демалыс – оқушылар үшін тынығып, жаңа әсер алуға таптырмас уақыт. Бірі саяхаттаса, енді бірі уақытын пайдалы өткізуді жөн көреді. Ал кітап оқу – демалысты мазмұнды өткізудің ең тиімді жолдарының бірі.

Мектеп оқушылары көктемгі демалыста кітап оқуға ерекше көңіл бөлді. Мектеп кітапханасында әр жастағы оқырмандарға арналған түрлі жанрдағы шығармалар ұсынылып, оқушылар қызыға оқыды. Бастауыш сынып оқушылары ертегілер мен танымдық әңгімелерге ден қойса, жоғары сынып оқушылары көркем әдебиет пен ғылыми еңбектерге қызығушылық танытты. Кітап – білім бұлағы, ой мен қиялды дамытатын құнды қазына. Ол сөздік қорды байытып, дүниетанымды кеңейтеді. Оқырман әр туынды арқылы жаңа әлемге еніп, кейіпкерлермен бірге қуанып, олардың қиындықтарын бірге еңсереді.

Көктемгі демалысты тек гаджеттермен емес, кітап оқумен де тиімді өткізген оқушыларымызға алғысымызды білдіреміз!

3-сынып ата-аналары арасында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сәйкес “Отбасылық келісімнің кепілі-сенімді қарым-қатынас” тақырыбында кезекті отырыс өтілді. Іс-шараның мақсаты – ата-аналарға баланың тәрбиесінде сенімді қарым-қатынастың маңызын түсіндіру, отбасындағы қолдаудың тәрбиелік рөлі мен баланың дамуына ықпал ету туралы мол ақпараттар беру.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" іске асыру мақсатында ата-ана мен бала қарым-қатынасын нығайту мақсатында "Бірге өсеміз" жобасын іске асыруда "Отбасылық хобби" тақырыбында бірлескен отбасы мүшелерімен шахмат, дойбы ойындары ойнатылып, жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: Отбасылық мүшелерінің ортақ қызығушылықтарын дамытып, өзара жақындасу.

 "КІТАППЕН ЖАРҚЫН ӘЛЕМГЕ!!" апталығы

"Кітаппен жарқын әлемге" атты апталық жоспарына сәйкес, "Жастар оқиды және кеңес береді" тақырыбында кітап көрмесі жасалды.

Әдістемелік орталығы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің 01.04.2025 жылғы 10-08-07/159 шығыс хатына сәйкес, Шымкент қаласы аумағында 2025 жылғы көктемгі су тасқынына қарсы 1-4 сыныптарға тәрбие сағаттарын өткізді.

Ұлы Отан соғысының 80 жылдығын атап өту жөніндегі іс - шаралар жоспарына сәйкес, 4 - сынып оқушыларына Ұлы Отан соғысының қатысушысы, кеңес одағының батыры, халық қаһарманы орденінің иегері Бауыржан Момышұлының 115 жылдығы аясында "Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

14 сәуір күні бастауыш сынып оқушыларына «Табиғатты аялайық» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты – оқушылардың экологиялық мәдениетін арттыру, табиғатқа деген қамқорлық пен жауапкершіліктерін қалыптастыру, табиғаттың маңыздылығы жайлы ой қозғау. Оқушылар ауа, су, өсімдіктер, құстар және жануарлардың адам өміріндегі маңыздылығы туралы ой бөлісті. Экологиялық проблемалардың себептері мен салдары туралы ситуациялық кейстер шешілді. Экологиялық мәселелерді шешу жолдары бойынша өз пікірлерін ортаға салды. Атап айтқанда, қағаз өндірісі, жылу, су және полиэтилен қоқыстарының бейберекет тасталуы сияқты экологиялық проблемалардың шешімдері талқыланды.

Сынып сағаттарының соңында оқушылар өздерінің күнделікті өмірдегі экологиялық мәдениеттерін өзгертуге шешім қабылдады. Дәлірек айтқанда, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну, қоқыстың алдын алу және оны қайта өңдеу мүмкіндіктерін қарастыру, экологиялық таза шешімдерге бет бұру туралы ұсыныстарын білдірді.

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!

2025 жылдың 23 сәуірінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!» тақырыбында тәрбиелік маңызы зор сынып сағаты өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушыларға табиғаттың адам өміріндегі алатын орны мен маңызын түсіндіру, қоршаған ортаның байлығын тануға, оны сақтауға баулу. Сонымен қатар, оқушыларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға, экологиялық мәдениетті бойларына сіңіруге және туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу көзделді.

Сынып сағаты барысында оқушылар табиғат тақырыбында өлеңдер оқып, экологиялық мәселелер жайлы ой бөлісті. Қоршаған ортаны қорғау жолдары туралы бейнеролик көрсетіліп, экологиялық қауіпсіздік туралы танымдық ақпараттар ұсынылды. Сондай-ақ оқушылар «табиғат – тіршілік көзі» ұғымының мәнін ашып, өз пікірлерін ортаға салды. Сынып сағаты келесі мақсаттарды қамтыды:

- Табиғаттың адам өміріндегі мәнін түсіндіру, оның байлығын бағалауға бағыттау;
- Қоршаған ортаны сүйеге, табиғатты аялауға тәрбиелеу;
- Табиғатқа жанашырлықпен қарап, оны қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- Оқушылардың экологиялық мәдениетін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті ояту.

Шара соңында оқушылар табиғатқа қамқор болудың әр азаматтың міндеті екенін айтып, өздерінің табиғатты қорғауға үлес қосуға дайын екендіктерін жеткізді. Мұндай тәрбиелік шаралар жас ұрпақтың экологиялық санасын арттырып, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

“1-мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні” “Бір шаңырақ астында” атты сынып сағаты өтілді.

Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін, жеткізу.

Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!

ЭССЕ БАЙҚАУЫ

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдесінде №194 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының

2-қосымшасындағы жоспарына сәйкес, Елімізде мамыр айының төртінші аптасында өтетін «Білімім – Отаныма!» республикалық сынып сағаттары ұйымдастырылады. Оқу жылын қорытындылап, жазғы демалыс уақытын тиімді жоспарлау, өз іс-әрекетін рефлексиялау, сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін білім алушылар арасында эссе байқауын ұйымдастыру ұсынылды.

Осыған орай мектебімізде 1-4 сынып оқушылары

1–4 сыныптар: «Таза Қазақстан» тақырыптық бағытында;

тақырыптық бағытында эссе жазып байқауға қатысуға ат салысты. Мақсаты: білім алушылардың өз білімдері мен іс-әрекеттерін ел дамуына, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына қосқан үлесі ретінде бағалап, болашаққа саналы мақсаттар мен жоспар құруына ықпал ету.

СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Жаз мезгілінде суға шомылу адам денсаулығына пайдалы болғанымен, тиісті қауіпсіздік шаралары сақталмаған жағдайда орны толмас қайғылы жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін. Соңғы уақытта су айдындарында адамдардың батып кету оқиғалары жиілеп кеткенін ескере отырып, төмендегі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауды сұраймыз:

- Рұқсат етілмеген жерлерде суға шомылмаңыз;
- Балаларды қараусыз су жағасында қалдырмаңыз;
- Мас күйінде суға түспеңіз;
- Қауіпті ойындарға жол бермеңіз (су астында ұстап қалу, итеру және т.б.);
- Қатты толқын, ағыс бар кезде суға шомылудан бас тартыңыз.

Есіңізде болсын: судағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау – өз өміріңіз бен жақындарыңыздың өмірін сақтап қалудың кепілі.

Бату қаупінің алдын алу – әр адамның ортақ міндеті.

Қауіпсіздік талаптарын сақтап, өз өміріңізге жауапкершілікпен қараңыз

“Мектебім, саған мың алғыс!”

2024-2025 оқу жылының аяқталуына байланысты “Мектебім, саған мың алғыс!” атты салтанатты жиыны өткізілді.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ – 2025: ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ АЛҒАШҚЫ КҮН! 🎉

Бүгінгі күн – ерекше. Өйткені лагерьдің бірінші ауысымына 1 -5 сыныптың кішкентай оқушылары келіп, жазғы қызықтың нағыз көрігін қыздырды! 🥰🥰

💬 Таңғы саптадан басталған күн ойын мен шаттыққа толы болды. Балалар көңілді ән айтып, би билеп Әр баланың жанарында – қуаныш, жүзінде – күлкі!

🍌 Шығармашылық сағаттар,

🏊 Спорттық жаттығулар

📖 Зерделік тапсырмалар...

Балалардың белсенділігі мен қызығушылығына қарап-ақ, бұл жаздың ұмытылмас болатынына сенімдіміз!

🌟 Мақсатымыз – әр бала үшін лагерьдегі әр күнді жарқын естелікке айналдыру. Ата-аналар үшін – сенімді орта, балалар үшін – еркіндік пен достыққа толы демалыс.

🏕 Лагерь тек демалыс емес, бұл – достықтың мекені, шығармашылықтың орталығы және бақытты балалық шақтың куәсі!

➡ Алда әлі талай қызықтар күтіп тұр! Жаздың әр күні қуанышқа, бал күлкіге толы болсын!

Лагерьдің екінші күні – көңілді сәттер мен жарқын әсерлер күні!

✦ Алда әлі талай қызықтар күтіп тұр! Жаздың әр күні қуанышқа, бал күлкіге толы болсын!

Лагерьдің екінші күні – көңілді сәттер мен жарқын әсерлер күні!

Бүгінгі күн ерекше серпінмен басталды! ☀️ Таңғы жаттығудан кейін оқушылар табиғат аясына серуендеуге шығып түрлі белсенді ойындар ойнап көңілді күн өткізді.

☞ Сонымен қатар, экологиялық тақырыптағы танымдық сағаттарда балалар табиғатты қорғау маңыздылығы туралы білімдерін толықтырды.

🌈 Лагерь — тек демалыс емес, нағыз даму мен достық мекені! Әр күн – жаңа мүмкіндіктер мен ұмытылмас естеліктерге толы.



Орындаған ДТЖО:  И.М.Айвазов

Мектеп директоры:  Б.М.Шеримов

